



«Бекітілді»

«Үшқатты мектеп-бөбекжай-
балабақша кешені»КММ-нің

басшысының у.м.а

А.К.Шуйншалина

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Үшқатты мектеп –бөбекжай-балабақша кешені» КММ

Топ: Аралас Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 28 тамыз 2024 жыл _____

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.
	Қыркүйек	
	Қазан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).
	Қараша	Сөздік қор. Қазақ халқы колөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (керег уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түл атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерме толықтыру.

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p>
Желтоқсан	<p>Сөздік қор.</p> <p>Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу</p>
Қаңтар	<p>Сөздік қор.</p> <p>Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу</p> <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылайды.</p> <p>Ұжымдық әңгімеге қатысып, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p><i>Қазақ тіліне тән ө, қ, ұ, і, г дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады</i></p>
Ақпан	<p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
Наурыз	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>
Сәуір	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә,</p>

	<p>ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор. Қазақ халқы колөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздермен толықтыру.</p>
Мамыр	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор. Қазақ халқы колөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздермен толықтыру.Өткенді қайталау.</p>

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Апта сөз дәйектері»
 «Отан отбасынан басталады» мақал-мәтелдер жиыны
 («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

<i>Күні: 04.09.2024ж</i>		
<i>ТОП: «Пчелки»</i>	<i>Орта топ</i>	<i>Қатысқан балалар саны:</i>
<i>ҰІӨ өткізілу барысы</i>		
<i>Жоспарланған уақыт</i>	<i>Жоспарланған іс-әрекет</i>	<i>Ресурстар</i>
<i>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</i> <i>Ұйымдастыру.</i> <i>2-3минут</i>	<i>Балалармен амандасу, танысу</i> Шаттық шеңбері: <i>Армысың әлем!</i> <i>Армысың жарық күн!</i> <i>Армысың, абзал Адам!</i> <i>Армысың, менің досым!</i>	
<i>ҰІӨ-нің ортасы</i> III. Тақырып бойынша жұмыс <i>15-20 минут</i>	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. Тақырыбы: «Жомарт күз» Міндеті: Балаларды сөйлем құрастыруға үйрету. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтқызып, жаттықтыру.. Міндеттері: Берілген жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айта отырып, ауа райының жағдайын айта кету. (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зияткерлік дағды) Аз қимылды ойын: «Ұшады, ұшпайды» Сергіту сәті: «Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілім менің тірегім» Өлең жаттау.	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия	<i>Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысқан балаларды мадақтау.</i>  <i>«Айжан қыз» күйі</i>	



2 апта : «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 11.09.2024ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	Балалармен амандасу, түгелдеу. Шаттық шеңбері: Қайырлы таң! Алтын күн! Қайырлы таң! Көк аспан! Қайырлы таң! Жан достар! Қайырлы таң!	Педагогпен амандасады. Шаттық шеңберін қайталайды.
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20минут	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. «Менің отбасым» әңгімелеу (Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетіп, әрбір мүшені атап, есімдерін атау) Міндеттері: Бір –бірімен жағымды қарым қатынас жасау қабілеттерін, бірін-бірі тыңдай білу дағдыларын калыптастыру, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру. Тақырыбы: «Сиқырлы суреттер» Міндеті: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол, кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түсіну сезімдерін дамытады «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Санамақ Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жүлде алады. Егер қателесе ойыннан шығады. Сергіту сәті: «Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілге бойлау» жобасы қазақ тілін меңгеру	Тақырыпқа байланысты тапсырмаларды орындайды. Қимылды қайталайды.
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия	Балалардың белсенді қатысқандарына мақтау сөздер айтамын. Бағалаймын.  «Жастар биі»	Балалар қуанып қалады.



Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» Көңіл күй
Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,
3-апта «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 18. 09. 2024ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҮІӘ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	Балалармен амандасу, түгелдеу. Шаттық шеңбері: Бақшамызға барғанда, Кезіккен бар жанға. Ертемен ақ пейілмен, «Қайырлы таң!» - деймін мен.	Амандасады
ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. Тақырыбы: «Күзгі жапырақ» тақпақ Міндеті: Балалардың сөздік қорын молайту арқылы, тілін дамыту. Тақырыбы: «Жалпы атауын ата» Міндеті: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Сергіту сәті: . «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Санамақ Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жүлде алады. Егер қателесе ойыннан шығады. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілге бойлау» жобасы қазақ тілін меңгеру	Қыстың жақын қалғаның, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей.
IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия	-Балалар, бүгінгі оқу қызметіне барлықтарың өте жақсы қатыстыңдар. Фажайып сандықтың тапсырмаларын орындадыңдар. Жақсы қатысқандарың үшін барлықтарыңа смайлк беремін. -Сау болыңдар!  «Келінішек» күйі	-Сау болыңыз!



Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
Еңбегі адал жас өрен» жобасы
«Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері»

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 05. 11. 2024ж		
ТОП: « Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	Мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Кәнеки, былай деп айтайық: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік.
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Д/о: Тақырыбы: «Киіз үй» Міндеті: Сөйлем құрастыру. Сөз ішінде қазақ тілінде тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Д/о: Тақырыбы: «Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» Міндеті: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру. Сергіту сәті: Ұ.О: «Асық ату» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	Балалар тілдерімен таңдайларын қағып дәл аттардың жүргенде тұяқтарымен тарсылдатып жүргенін салады. Балалар өлең жолдарын қайталай отырып, кірпінің қимыл әрекетін көрсетіп, сергіту жаттығуын орындайды.
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия	«Жүректен жүрекке» шеңбері: Балалар, айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі- көңіл ажары ! Күліп өмір сүрейік! – Рақмет, балалар! Сау болыңдар!  «Бұлбұл»	Қолдарынан ұстап, педагогпен бірге қайталайды. Сау болыңыз!



«Тура биде туған жоқ, тұғанды биде иман жоқ!»

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 12. 11. 2024ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҮІӘ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	Шаттық шеңберін құрайық, есімдерімізді дауыстап айтайық. Тез тұра ғой, өтінем, Кім болады есімің? Балалар, есімдерін ретімен айтып шеңбер құрады	Әр қайсысы өз есімдерін айтады.
	Д/о: Тақырыбы: «Жаңылмай айтып көр» Міндеті: Педагог жаңылтпашты қатты, ақырын айтуды ұсынады. Балалар барлық дыбысты анық айтуын қадағалау. Д/о: Тақырыбы: «Менімен қайтала» Міндеті: Балаларды «ә», «ө», «қ», «ұ» дыбыстарын сөздерде, буындарда таза, анық айтуға үйрету. Азық-түлік аттары, Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Қоғамдық мүлікті қорға» Балаларға ойыншықтарды сындыруға болмайтынын айтып түсіндіру. Мысалы: Кітапты жыртуға болмайды. Сергіту сәті: «» «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Шертпек. Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды. Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді. Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады. Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады. Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді	Көк көйлек, көк көйлек, Дәл өзіме дәп көйлек. Қолды екі жаққа қанатша керіп, бірінің артынан бір шеңбер жасап жүреді.
IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия	Балалар, бүгін шынымен де сендердің есімдеріңнен көңілді шеңбер құрдық. – Бәріміз қол ұстасып, шын жүректен былай деп айтайық. Есімімді сүйемін. Оны аялай білемін! -Балалар, рақмет! Сау болыңдар!	Есімімді сүйемін. Оны аялай білемін! -Сау болыңыз!

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 19. 11. 2024ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3.минут	Мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Кәнеки, былай деп айтайық: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік.
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Д/о: Тақырыбы: «Берілген дыбыспен сөздерді ата» Міндеті: Берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. Д/о: Тақырыбы: «Дұрыс айт» Міндеті: Қазақтіліне тән дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Сөйлеу қарқынын өзгерте білу ептілігін дамыту. Азық-түлік тауын дұрыс айту Мыс: Ірімшік, айран, сүт т.б Сергіту сәті: Бірімізбен біріміз, Қанекей дос болайық. Ұ.О: «Асық ату» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия	«Жүректен-жүрекке» шеңбері: – Балалар! Сендерді «Жүректен – жүрекке» деп аталатын тамаша шеңберге шақырамын. Қолдарымыздан ұстасамыз. Бір-бірімізге күлімдей қараймыз. Өзімізге мейірімді, қамқор, бақытты болуға тырысамыз деп уәде берейік. Келістік пе?! Ал енді бір-бірімізге шын жүректен былай деп жар салайық: Бар әлемге жақсылық жаса, Басқалар қуансын деп жақсылық жаса! -Балалар, рақмет! Сау болыңдар!	Педагогтің айтқанын орындайды. Өлеңді қайталайды. Бар әлемге жақсылық жаса, Басқалар қуансын деп жақсылық жаса! -Сау болыңыз!

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 26. 11. 2024ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҮІӨ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	Сәлеметсіңдер ме, балалар! Шаттық шеңбері: Кең даланың ежелгі, Қазақ дейтін халқымыз. Өзге ұлттай біздің де, Бар дәстүр мен салтымыз.	-Сәлеметсіз бе? Балалар педагогпен бірге қимыл-қозғалыстарымен бірге қайталайды.
ҮІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. Тақырыбы: «Киіз үйді құрастырайық» Міндеті: Балаларды киіз үй құрлысымен таныстыру. Киіз үйді құрастыру барысында зейін қойып ойланады, тиянақтылыққа қалыптасады. Құрылымдалан ойын. Тақырыбы: «Киіз үй» Міндеті: Өлең жолдарымен қимыл-қозғалыс түрлерін жасап киіз үй құру. Сөздік қорларын молайту. Еркін ойын. Тақырыбы: «Көлеңкесін тап» Міндеті: Балаларды киіз үйдің жабдықтарының көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Сергіту сәті: Ұ.О: «Асық ату» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы	Балалар, барлық ойынды қызыға ойнайды. Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді) Уықтарын шанышылып(қолдарын жоғары көтереді) Керегелер керіліп (алақандарын ашады) Өрімдей болып өрілер(қолдарын белге қояды) Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер. Сергіту сәтін қайталайды.
IV. ҮІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия	Балалардың белсенді қатысқандарына мақтау сөздер айтамын. Бағалау стикерлерімен бағалаймын.	Балалар қуанып қалады.



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

«Бірлігі күшті ел озады»/

Күні: 03. 12. 2024		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	<i>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бір-бірімізге қарайық. Мен сендердің көздеріңнен қуаныш пен қызығушылық көріп тұрмын. Сендерді «Шаттық шеңберіне» шақырамын. Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық!</i> Шаттық шеңбері: Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам!	-Сәлеметсіз бе? Балалар педагогпен амандасады. Қолдарын жоғары көтереді Қолдарын жанына созады Қолдарын бір-біріне созады.
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Д/о: Тақырыбы: «Ұлттық тағам» Міндеті: Ұлттық тағамдарымыздың атауларын білуге, дастархан мәзірін жасай алуға үйрету, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін жетілдіру. Д/о: Тақырыбы: «Сүт тағамдары» Міндеті: Балаларға сүт өнімдері туралы ақпарат беріп қадірлеуге тәрбиелеу. Сүт тағамдарын атау, олар қайдан алынады, жеке-жеке топтастырып айтуға үйрету. Д/о: Тақырыбы: «Қуышақты ұйықтатамыз» Міндеті: Балаларға бесік туралы түсінік беру, бесікке бөлеу рәсімін көрсету. Сергіту сәті: «Бәйге» ұлттық ойыны. Ұ.О: «Орамал тастау» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия	«Жүректен жүрекке» шеңбері: <i>Саяхатымыздың соңында қол ұстасып, бір-бірімізге күлімдей қарап, өз қуанышымызды мынадай сөздермен білдірейік</i> <i>Мына сұлу әлемде,</i> <i>Адам өмір сүреді.</i> <i>Үлкен менен кішіге,</i> <i>Күн сәулесін төгеді.</i> <i>-Сау болыңдар, балалар!</i>  «Алатау» Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтымақтамды дамыту.	Шеңберге тұрады, өлең жолдарын қайталайды. -Сау болыңыз!



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы
Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді

Күні: 10. 12. 2024ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	Балалармен амандасу. Жылулық шеңбері Қуан шаттан алақай, Қуанатын келді күн. Қайырлы таң, қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	Педагогпен амандасады. Қимыл әрекетпен жылулық шеңберін орындайды,
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Д/о: Тақырыбы: «Не қандай?» Міндеті: Ұлттық тағамдардың атауын меңгерту, зат есімге сын есімді қатыстырып қолдануға үйрету. Қарама-қарсы сөздерді белсендіру. Д/о: Тақырыбы: «Кәмпіттер» Міндеті: Бірдей дыбысты табу және ойлау қабілеттері дамиды, зейіні, есте сақтауы сонымен қатар есту арқылы, тыңдай отырып дыбыстардың ерекшеліктерін сезеді. Жаңа ойыннан жақсы әсер алады. Д/о: Тақырыбы: «Ғажайып қорапша» Міндеті: Ойлау қабілеттері дамиды. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздігін байыту, жалпы ой-өрісін дамыту. Сергіту сәті: Ұ.О: «Асық таңдау» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия	Жақсы жауап берген балаларға жұлдызшалар таратылады. -Сау болыңдар!	- Балалар қуанады! -Сау болыңыз!

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.
Бірлік болмай, тірлік болмас

Күні: 17. 12. 2024ж		
ТОП: «Пчелка»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҮІӨ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3.минут</p>	<p>Мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Кәнеки, былай деп айтайық: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік.</p>	<p>Балалар жылудық шеңберіне жиналып, өлең жолдарын қайталап айтады.</p>
<p>ҮІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут</p>	<p>Д/о: Тақырыбы: «Менің Қазақстаным» Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Астана қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан –біздің Отанымыз. жаттығу (айнамен орындалады). ұш-қыш – ұшқыш. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Жаңылтпаппен таныстыру Ұ.О: «Жаңылтыпаш» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қойдым Орта қойдым қойдым Жаңылтапшы қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу</p>	<p>Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шап! Тауықтарға тары шап! Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (Партаны үш рет ұрады) (Қимыл көрсетеді)</p>
<p>IV. ҮІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде оқып, үйренгендерін пысықтайды.</p>	<p>Балалар өз сөздерімен сұрақтарға жауап береді.</p>

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Ынтымақ – бұзылмайтын қорған

Күні: 24. 12. 2024ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3 минут	Балалармен амандасу. -Сәлеметсіңдер ме! Шаттық шеңбері: «Қайырлы күн» деп айтамыз, Түсте бірге қайтамыз. Отбасының гүліміз. Көңілді өтер күніміз.	-Сәлеметсіз бе! Шаттық шеңберін орындайды.
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Д/о: Тақырыбы: «Кім үлкен, кім кіші» Мақсаты: Сөздік қорын байыту, үлкен ретінде сыйлауды, мейірімділік пен қамқорлық көмектесуді тәрбиелеу. Отбасы туыстық қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. Д/о: Тақырыбы: «Өз иесін тап» Мақсаты: Ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге, кімге қай зат тиісілі екенін табуға, балаларды есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Сергіту сәті: Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз Бас бармағым әкем, Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыр шүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуіміз Бір үйде біз бесеуіміз. Ұ.О: «Асық ату» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы	Топтық тапсырмалар, суреттер, стикерлер. Күннің суреті. Сергіту сәтін саусақ маторикасы арқылы қайталайды.
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия	Балаларға сұрақтар қойып бүгінгі оқу қызметін аяқтау. Бағалау.  «Балқаймақ» Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тындап, тани білуге ынтасын дамыту,	Бүгінгі оқу қызметі бойынша сұрақтарға жауап береді.



**Қаңтар айы- «Заң және тәртіп»
Апта дәйексөзі «Талап бар жерде, тәртіп бар»**

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 14. 01. 2025ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	Балалармен сәлемдесу. Шаттық шеңбері: Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Баршаңызға құрметпен, Бас иеміз біз.	Амандасады. Шаттық шеңберін қайталайды.
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Сиқырлы сандық: Балалар бізге сиқыршы өзінің сиқырлы сандығын тастап кетіпті. Оны ашу үшін біз ең алдымен оның сиқырлы тапсырмаларын орындауымыз керек. Тосыннан келген сиқырлы сандықтың тапсырмалары. Д/о: Тақырыбы: «Отбасы» Мақсаты: Отбасы жағдайы мнемокестемен әңгіме құрастырады. Балалар сурет арқылы отбасы туралы әңгімелеп береді. Д/о: Тақырыбы: «Кім жоқ» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Д/о: Тақырыбы: «Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты: Баланың есте сақтау қабілетін дамыту арқылы, шатиандыққа үйрету. Сергіту сәті: Атамның алып күрегін, Ауланың қарын күредім Су әкеліп беремін Еденді де жуамын, Шаң-тозаңды қуамын. «Тақия тастамақ» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	Отбасы мүшелерінің суреттері, дидактикалық ойындардың құралдары, көрнекіліктер. Сергіту сәтін қайталау арқылы, іс-әрекетпен көрсетеді.
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия	Бүгін оқу іс әрекетіне өте жақсы қатысып, сұрақтарға жауап бере білдіңдер. Бәріміз бірге отбасымызға тілек сөздер айтып, бүгінгі оқу іс әрекетімізді аяқтайық.	Балалар шеңберге тұрып бүгінгі оқу қызметін аяқтайды.



Апта дәйексөзі «Тәртіп – тәрбие бастауы»

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 21. 01. 2025ж		
ТОП: «Пчелки»	Ересек топ	Қатысқан балалар саны:
ҮІӘ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	Балалармен амандасу, түгелдеу. Шаттық шеңбері: Бүгінгі сабағымызды «Жақсы тілек» әдісі арқылы бастаймыз. Балалар арнайы әзірленген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне жылы сөздер айтады.	Барлығының көңіл-күйлері өте керемет!
ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Д/о: Тақырыбы: «Топтастыр» Мақсаты: Берілген суреттерден сұрақ-жауап арқылы отбасы мүшелерін топтастыру. Д/о: Тақырыбы: «Отбасы» мақал-мәтелдер Мақсаты: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Д/о: Тақырыбы: «Менің сүйікті отбасым» Мақсаты: Мнемокесте әдісімен сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасы мүшелерін орындарына орналастыру арқылы сипаттама береді. Сергіту сәті: «Ата-ананы тыңдаймыз» әні Ұ.О: «Ханталапай» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»	Берілген суреттермен жұмыстанады. Ананың сүті-бал, Баланың тілі-бал. Ағам менің-әніші, Әпкем менің-биші, Көкем менің-күйші. Әнді айтады.
IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия	-Балалар, бүгінгі оқу қызметіне барлықтарың өте жақсы қатыстыңдар. Жақсы қатысқандарың үшін барлықтарыңа смайлк беремін .	Қуанып қалады.



Апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 11. 02. 2025ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҮІӘ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	<i>Сәлеметсіңдер ме!</i> <i>Балаларды жылулық шеңберіне шақыру.</i> <i>Балалар, бір-біріне жақсы ниеттерін білдіріп орындарына жайғасады.</i>	<i>-Сәлеметсіз бе?</i> <i>Күнге қарап шуақтанып,</i> <i>Суга қарап нәр алып</i> <i>Табиғаттан шабыттанып,</i> <i>Қонақтардан ізет алып.</i> <i>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.</i>
ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	<i>Д/о: Тақырыбы: «Менің шаш үлгім»</i> <i>Міндеті: Балалардың ойынға қызығушылығын арттыру, өз бетінше ойнай білу қабілетін дамыту, ойын үстінде өзін-өзі ұстай білу мәдениетіне, бір-біріне көмектесуге жақсы қарым-қатынас жасай білуге үйрету.</i> <i>Д/о: Тақырыбы: «Сәйкесін тап»</i> <i>Міндеті: Байқампаздыққа және шашаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру.</i> <i>Д/о: Тақырыбы: «Не көрдің, не білдің»</i> <i>Міндеті: Сөздің грамматикалық құрылымын дұрыс құруды жетілдіру. Сын есімдерді зат есімдермен байланыстыра айтуға үйрету.</i> <i>Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз,</i> <i>Алақанды ұрамыз.</i> <i>Бір отырып, бір тұрып,</i> <i>Тез шынығып шығамыз.</i> «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық оюлармен домино ойындары («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы	<i>Түрлі-түсті қағаздады підаланып,</i> <i>шаш үлгісін жасайды.</i> <i>Барлық ойындарға</i> <i>қызығушылықпен қатысады.</i>
IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия	<i>-Балалар, бүгінгі оқу қызметіне барлықтарың өте жақсы қатыстыңдар.</i> <i>Жақсы қатысқандарың үшін барлықтарыңа смайлк беремін.</i> <i>-Сау болыңдар!</i>	<i>-Сау болыңыз!</i>

Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.

Күні: 18. 02. 2025ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҮІӨ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. Ортаға шығып, бір-бірімізді көргенімізге, осы күнге шаттанайық. Және бәріміз бірге айтайық Достығымыз берік сол, Бекітейі беріп қол. Қайта кіріп шеңберге, Қандай жақсы қол берген.	-Амандасады. Барлығы бірге орындайды.
ҮІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Д/о: Тақырыбы: «Тауып көр» Міндеті: Заттардың қасиетін тануына және сипат сезу арқылы алған елестетулерін анықтауға көмектеседі. Д/о: Тақырыбы: «Шаңғы тебу» Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа, еттілікке қабілетін дамыта отырып, ойынға деген қызығушылығын арттыру. Д/о: Тақырыбы: «Көңілді қыс» «Қыс» Абай ақынның қысымен салыстыру Міндеті: Танымын, баланың тілін, ойлауын, сөздік қорын дамыту. Сергіту сәті: «Өнегелі 15 минут» Абай ақынның «Жыл мезгілдерімен таныстыру» «Қыс», «Жазғытұрым», «Жаз», «Күз» салынған суреттермен жұмыс	Барлық дидактикалық материалдарды пайдаланып ойындарды ойнайды. Абай Құнанбайұлы суреті, жыл мезгілдерінің суреті
IV. ҮІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия	«Жүректен-жүрекке» шеңбері: – Балалар, бір-біріңе қол созып, қол алысып, көрші тұрған балаға «Досым, көмегің үшін рақмет!» деп бүгінгі оқу-қызметімізді аяқтайық. -Сау болыңдар, балалар!	Барлық балалар достарына рақмет айту арқылы оқу-қызметін аяқтайды. -Сау болыңыз!



Апта дәйексөзі : «Жаңашылдық – заман талабы»/

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі.*

Күні: 25 . 02. 2025ж		
ТОП: «Пчелки»	Орта топ	Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ өткізілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату Ұйымдастыру. 2-3минут	Сәлеметсіңдер ме! Шаттық шеңбері: Амансың ба алтын күн, Амансың ба көк аспан. Амансың ба достарым, Сендерді көрсем қуанам!	-Сәлеметсіз бе? Балалар педагогпен бірге қимыл-қозғалыстарымен бірге қайталайды
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15-20 минут	Д/о: Тақырыбы: «Дауысынан таны» Міндеті: Қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру. Д/о: Тақырыбы: «Сиқырлы текше» Міндеті: Балаларды жекеленген заттарды атауларын қазақ тілінде дұрыс айта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Д/о: Тақырыбы: «Кім тапқыр» Міндеті: Тіл дамытуға арналған дидактикалық ойындар арқылы сөз тіркестерін құрайды. Сергіту сәті: Ұлттық ойын: «Теңге алу»	Барлық балалар ойындарды қызыға ойнайды.
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия	-Балалар біз қандай ойын ойнадық? Балаларды қатысымына қарай жұлдызшалармен бағалау.	Балалардың жауабы тыңдалады.

